# Ұлттық мүдде - халықаралық қатынастар мен сыртқы саясатты сараптаудың негіздері

Орындаған: Тлеугабылова Улжан

Тексерген: Таштемханова Р. М.

# Жоспар

1. Ұлттық мүдде ұғымы, оның құрылымы

2. Ұлттық мүдде категориясының ғылыми-қолданыстық маңызы

3. Қазіргі заманғы халықаралық қатынастар жағдайындағы ұлттық мүдделер

# Ұлттық мүдде ұғымы



- Ұлттық мүдде - кең мағынасында - қоғамдық өмірдің барлық саласындағы әлеуметтік-саяси қажеттіліктерді көрсететін елдің ұлттық-мемлекеттік мүдделері; тар мағынасында - ұлттың немесе басқа этностың саяси, экономикалық, әлеуметтік және рухани өміріндегі қажеттіліктерінің көрінісі. Тұтастай алғанда ұлттық мемлекеттің объективті маңызды мақсаттары мен міндеттері. Ұлттық мүдделер - саяси мүдделердің бір түрі.



# Ұлттық мүдде ұғымы

- Мемлекеттің сыртқы ортаға қатысты саяси мүдделерінің жиынтығы ретінде көрініс табатын ұлттық мүдделері болса, елдің саяси көрсеткіштері, ресурстық мүмкіндіктері, әлеуметтік – экономикалық және қоғамдық – саяси деңгейі, салт – дәстүрлері, халықаралық қауымдастықтағы орны мен салмағы сияқты маңызды факторлардан құралады. Ұлттық мүдделерді жүзеге асыруда мемлекет өзінің барлық мүмкіндіктерін: саяси, идеологиялық, экономикалық, дипломатиялық және әскери әлеуетін пайдаланады.




- .Құрамы жағынан ұлттық мүдделерді **тұрақты** ( өзгермейтін) және **өтпелі** (өзгермелі) деп екіге бөліп қарауға болады. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен экономикалық гүлденуге қол жеткізу ұлттық мүдделердің тұрақты бөлігі болса, мемлекетті қоршаған орта мен өз қоғамындағы үрдістерге, ұлттық дәстүрлер мен басшылардың жеке бас ерекшеліктеріне сәйкес өзгерістерге ұшырап отыратын бөлігі өзгермеліге жатады. Қоғамдағы материалдық сұраныстар мемлекеттің мүдделері, мақсаттары мен сыртқы саяси бағытын түгелдей өзгертуі ықтимал, ал бұл өз кезегінде қоғамда рухани құндылықтардың ауысуына әкелуі мүмкін.



# Ұлттық мүдде категориясының ғылыми-қолданыстық маңызы




Саяси реализм бағытының негізін қалаушы Г. Моргентау ұлттық мүдделердің нақты, объективті құрамына салмақ салады. "Күшке негізделген ұлттық мүдделер", Г. Моргентаудың теориясына сай, біріншіден, мемлекеттің әскери және экономикалық қуаты, екіншіден, оның барынша қауіпсіз болуы мен гүлденуінің кепілі, үшіншіден, өзінің идеологилық ұстанымдары мен рухани құндылықтарын тарату мүмкіндіктерінен құралады. Американдық ғалым бұл тұрғыда: "Саяси мақсаттар ұлттық мүдде шеңберінде айқындалуы тиіс және оны жүзеге асыру үшін накты күштің қолдауы қажет",- деп өзінің "Ұлттар арасындағы саясат. Билік пен бейбітшілік үшін күрес" атты кітабында жазады.

Басқа американдық ғалым Дж. Розенау ұлттық мүдделердің абстрактілі, субъективтік жағына аса назар аударады. "Ұлттық мүддені анықтау саясаттың талдау және құндылық негіздерінен келіп шығатын ой қорытындылары жүйесінен өзге нәрсе болуы мүмкін емес ", - деп жазды ол. Демек, ұлттық мүдде – ұлттық сана және қоғамдағы құндылықтармен тығыз байланысты.

# Қазіргі заманғы халықаралық қатынастар жағдайындағы ұлттық мүдделер



- Қазір "қырғи қабақ соғыстан" кейінгі халықаралық қатынастарда қалыптасқан "эйфория" жойылып, мемлекеттер өзінің ұлттық мүдделерін қамтамасыз етудің дәстүрлі тәсілдеріне көшуде. Америка ғалымы Фрэнсис Фукуяманың бүкіл дүние жүзінде либерализм жеңіске жетті деген тезисі сол кездегі саяси ойдың маңызын көрсетті. Ал XXI ғасырдың алғашқы жылдары, өкінішке орай, идеализмнің емес, саяси реализм мектебінің тұжырымдамаларының өміршеңдігін көрсетіп берді. Соңғы жылдарда халықаралық қатынастарда әскери күш факторының қайта күшеюі үрдісі анық.. Ирак мәселесі халықаралық құқықтың күш алдында әлі де қауқарсыз екендігін дәлелдеді.



# Мемлекеттің сыртқы саясатының өзегі

- **Мемлекеттің сыртқы саясатының өзегі – ұлттық мүдде.** Ұлттық мүдде саласына дәстүрлі мына мәселелер жатады: ерікті және тәуелсіз ұлттық мемлекеттің болуы; сырттан төнген қауіптен қорғану; ұлттың хал-жағдайының жоғары болуы, халықаралық аренада мемлекеттің саяси және экономикалық бағытын қорғау, әлемдік саясатта оның ықпалының кеңеюін сақтау. Ұлттық мүдде, елдің сыртқы саясатының бығытынан, басқа мемлекеттер мен жасалатын қатынастардағы нақты мәселелер төңірегіндегі табысқа жету жолдарының мүмкіншіліктері, үкіметтің саясатынан айқындалады.

- Мемлекеттік саясат екі сыртқы және ішкі түрде жүзеге асады. Олардың арасында өзара байланыс болғанымен, айтарлықтай айырмашылықтар да бар, сонымен байланысты халықаралық саясат айтарлықтай автономияға ие. Мемлекеттердің халықаралық іс-әрекеттерінің негізі ұлттық мүддеде жатыр, оны құраушы элементтер қауіпсіздік, суверенитет, өмір сүру. Сондықтан халықаралық қатынастар түрлі мемлекеттердің ұлттық мүделерінің қақтығысу, жанжалдасу, табыс сферасы; – халықаралық қатынастар бұл мемлекеттердің өзара күштік әрекеттесуі және күш балансы, онда күшті державалардың ұлттық мүделерінің жүзеге асу мүмкіндігі зор.




# Назарларыңызға рахмет!